

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

ВНИМАНИЕ

БЕТПЕРДЕ
ТАҒЫҢЫЗ
НОСИТЕ
MASKU



АРАҚАШЫҚТЫҚ
САҚТАҢЫЗ
СОХРАНИЙТЕ
ДИСТАНЦИЮ

КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН
САҚТАҢЫЗДАР
СОБЛЮДАЙТЕ
КАРАНТИННЫЕ МЕРЫ



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



16 ЖАСҚА ТОЛМАСАҢ,
САМОКАТ ЖАЛҒА
БЕРІЛМЕЙДІ

4

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



АЛМАТЫҒА
НИКУЛИН
ЦИРКІ КЕЛДІ

12

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстанда
2022 жылғы 18 шілдедегі
мәлімет бойынша

I компонентпен

9 539 038

II компонентпен

9 321 531

адам вакцина алды

4 917 255

ревакциналанды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

19.07.2022

Түнде:



+15+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+30 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

20.07.2022

Түнде:



13+18 °C

Жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+35 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №82 (6217) 19 шілде, сейсенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

ЕЛДІҢ ТАЛАБЫ ТОЛЫҚ ЕСКЕРІЛДІ

Қала әкімінің Алатау ауданы тұрғындарымен екінші кездесуі өтті



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тұрғындармен тоғызыншы кездесуі Алатау ауданында өтті. Бұл – қала әкімінің Алатау ауданы тұрғындарымен екінші мәрте кездесуі. Ерболат Досаев ауданның дамуына қатысты, сондай-ақ тұрғындардың талап-тілектеріне байланысты атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Кездесуге 250-ден астам адам қатысты.

2, 3

ФЕСТИВАЛЬ

АЛМАТЫЛЫҚТАР TARTYL FEST-ТЕ ТАРТЫСҚА ТҮСТІ

«Абай» алаңында қалаға мерекелік
көңіл күй сыйлаған спорттық жарыс өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Дара» дарын-дыларды қолдау қоры» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мемлекетіміздің барлық аймақтарында турникке тартылудан 10 шілде мен 6 қыркүйек аралығында сайыс өтіп жатыр. Демалыс күні Қонаев және Талдықорған қалаларынан кейін Tartyl Fest Алматының «Абай» алаңында болды. Спорттық іс-шара Алматы әкімдігінің қолдауымен өтті.

ҚЫСҚА...

- 20-21 шілдеде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының IV Консультативтік кездесуіне қатысу үшін Шолпан-Ата қаласына (Қырғызстан) барады.
- Үкіметте Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шаралары талқыланды.
- Қазақстанда қант қызылшасы дақылдарын егу алаңы 60 мың гектарға дейін ұлғайтылады.
- Қазақстанда жастардың бизнес-бастамаларын жүзеге асыру үшін грант бөлінеді.
- Алматыдағы ең ірі көтерме сауда орталығы мемлекетке қайтарылады.
- Алматыда ТМД елдері архив саласының ортақ мәселелері талқыланды.
- Алатау ауданында жана автобус бағыттары іске қосылады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

6-7



ӘКІМ

(Басы 1-бетте)

Қала әкімі аудан тұрғындарын инженерлік инфрақұрылым жұмыстарымен таныстырды. Бүгінде Ақбұлақта – 28,74 км, Өжетте – 83,41 км және Самғауда – 37,46 км сумен жабдықтау желісінің құрылысы аяқталды. Олардың жалпы ұзындығы – 207 км.

Жыл соңына дейін Шапағаттың 1740 абоненті, Қарасудың 1829 абоненті және Алғабастың 500 абоненті су құбырына қосыла алады. Сондай-ақ, «Шаңырақ-1» шағынауданында желілер құрылысын аяқтау жоспарда бар. Қалған шағынаудандар бойынша жұмыстарды аяқтау 2023 жылдың желтоқсанына жоспарланған.

Ауданда желілерді іске қосу үшін 18 кәріз-сорғы станциясын салу қажет. Осы мақсатта Алматы қаласының әкімдігі жер телімдерін кезең-кезеңімен алуға ниетті. Қазір «Шаңырақ-2» шағынауданынан 4 учаске алынуда, бүгінде 3 учаскеде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Тағы бір өзекті мәселе – жол инфрақұрылымын дамыту. Ауданды аралау кезінде «Шаңырақ-1» шағынауданының тұрғындары әкімге орталық көше – Өтемісұлына жөндеу жүргізу туралы өтініш білдірген болатын. Әкім жұмыс басталғанын, аяқталуы ағымдағы жылдың күзіне жоспарланғанын хабарлады.

«Тұрғындардың осы өтінішін ескере отырып, Алматы қаласының әкімдігі әл-Фараби даңғылын жөндеуге жоспарланған қаражаттың бір бөлігін алды. Бұл қаражаттарды магистралдық маңызы бар Өтемісұлы көшесін орташа жөндеуге бағыттау туралы шешім қабылдады. Жұмыстар басталып та кетті, оны биыл қыркүйекте аяқтаймыз деп отырмыз. Сондай-ақ, Райымбек даңғылында орташа жөндеу жұмыстарын бастадық. Тамыз айында Рысқұлов даңғылындағы асфальт төсемін ауыстыруды бастаймыз. Бұл учаскелер осы жылдың қараша айына дейін толығымен аяқталады», – деді қала әкімі.

Қараша айында Алғабастағы 7 шағынауданда ұзындығы 53,3 км 47 көше бойынша орташа жөндеу жұмыстары аяқталады.

«Өткен кездесуде тұрғындар «Алғабас» шағынауданы мен Мөңке би көшесіне тиісті жол белгілерін орнатып, жаяу жүргіншілер өткелін ұйымдастыруға қатысты өз өтініштерін білдірген болатын. Бүгінде бұл жұмыстар орындалды. Момышұлы көшесіндегі жаяу жүргіншілер өткелдеріне 4 бағдаршам орнатылып жатыр. Жұмыстар осы жыл-

ЕЛДІН ТАЛАБЫ

Қала әкімінің Алатау ауданы



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

дың тамыз айының соңына дейін аяқталады», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Сондай-ақ, тұрғындардың өтініші бойынша 20 аялдаманың құрылысы жүріп жатыр. Жыл соңына дейін 50 аялдама салынады. Осылайша Алатау ауданында автобус аялдамаларының жетіспеушілігі мәселесі толығымен шешілуі тиіс.

«Тұрғындардың өтініш, тілектерінің негізінде Алатау ауданында 6 маршруттық желі жаңартылып, ұзартылды. №129 маршрут «Қарасу» шағынауданындағы №179 мектепке дейін, №132 «Массажет» бизнес орталы-

ғына дейін ұзартылды. Осы маршруттардың әрқайсысында автобустар саны 2 көлікке көбейтілді.

Сондай-ақ «Қарасу» шағынауданында №35 жаңа маршрут пайда болды. «Мәдениет» шағынауданында №24 маршрут ашылды.

«Шаңырақ-1» шағынауданындағы жылжымалы құрам №103 маршруттың, «Дархан» шағынауданындағы №69 маршруттың бағыттары жаңартылды.

Осы жылдың тамыз айының соңына дейін «Теплоэнергетик» бағбандық қоғам тұрғындарының өтінішімен ұзындығы 18

шақырымдық №142 жаңа маршрут шығарды», – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев.

Мектептерде оқушы орындарының тапшылығын төмендету үшін жыл соңына дейін Алатау ауданында 7800 орынды 5 жаңа мектеп салынады. «Саялы-2» және «Зерделі» шағынаудандарында әрқайсысы 550 орынды тағы 2 мектептің құрылысын бастау жоспарлануда. «Саялы-2» шағынауданында құрылыс қыркүйек айында басталады. «Зерделіде» құрылыс жұмысы келесі жылдың наурыз айында басталады.

СҰРАҚ-ЖАУАП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев өз баяндамасынан кейін кездесуге келген Алатау ауданы тұрғындарының сұрақтарына жауап берді. Қала басшысы 3 сағатқа созылған кездесуде тұрғындарды алаңдатқан мәселелерді тыңдап, бірқатар сұрақтардың шешімін айтты.

Әр сұраққа нақты жауап берілді

Алатау ауданы тұрғындарының алғашқы сұрақтары жаңа мектеп салу мәселесіне байланысты қойылды.

– Менің сұрағым, мектеп жайлы. «Ақбұлақ» шағынауданында Шәріпов көшесінде орналасқан 154-ші мектебіміздің қабырғасы 2001 жылы қаланған екен. Мектеп 694 оқушыға арнап салынған. Қазіргі таңда осы мектепте 2060 оқушы білім алуда. Ерболат Асқарбекұлы, ауданымыздың Шоланов көшесінде 2011 жылдан бері іргесі қаланып, әлі де бітпей жатқан жекеменшік мектеп бар. Сол мектептерді биыл Балалар жылы қарсаңында ашып беруімізді сұраймыз, – деді Гүлшат есімді тұрғын.

Қала басшысы айтылған мәселе келесі жылдың наурыз айына дейін шешілетінін айтты:

– Жекеменшік мектеп туралы айтсақ, шынымен де, көп жылдар бойы жұмыс басталмай тұрып қалған. Біз мәселені шешу үшін компания бастықтарымен сөйлесіп жатырмыз. Олар алдағы уақытта жұмыстарын бастайды. Сіз айтқан мектептер салынып бітеді. Оның ішінде 150 орынды жатақханасы бар мекеме де ашылады. Бұл жұмыстарды келесі жылдың наурыз айына дейін аяқтауға ниеттіміз, – деді Ерболат Досаев.

Жаңа станциялар салынады

Келесі сұрақтардың бірінде Алматы қаласының әкімі Алатау ауданында су сорғы станциялары салынатынын айтты.

– Мен «Томирис» шағынауданының тұрғынымын. Бізде су сорғы станциялары жоқ. Осы мәселе қашан шешіледі? – деді қала тұрғыны.

– Алатау ауданына барлығы 18 сорғы станциясы керек. Айтылған мәселені шешу үшін бүгінгі күні 4 станцияның құрылысын бастадық. Бұл сұрақты шешудегі ең маңызды мәселе – құрылысқа жер табу. Дегенмен, «Томирис» шағынауданы жоба ішінде бар. Күзде осы аймаққа жоба жасалып, қаражат бөлінген соң, келесі жылы көктемде су сорғысының құрылысын бастаймыз, – деп нақтылады қала басшысы.

Сұрақ-жауап кезінде Алатау ауданындағы көшелерді жарықтандыру туралы да сұрақ қойылды. «Алғабас» шағынауданының тұрғыны осы мекенжайлар бойынша қашан жарық жүргізілетінін сұрады.

– Сот шешімімен «Алматы Жарық» қайтадан қала меншігіне өтіп жатыр. Қалада барлығы жарықтандыруды қажет ететін 531 көше болса, оның 48-і Алатау ауданында. «Алғабастағы» жарықтандыру мәселесі, жаңа жолдарды салу жобасының ішінде қарастырылған. Жол құрылысы аяқталған соң көшелерге жарық жүргізіледі. Бұл жұмыстарды келесі жылға жоспарлап отырмыз, – деді мегаполис басшысы.

Алатау ауданының тұрғындарын жиі алаңдатқан мәселелер қатарында су құбырлары мен кәріз желілерінің құрылысына қатысты сұрақтар болды. Шаһар басшысы айтылған мәселелер бойынша ашық түсініктеме берді.

– Мен «Боралдай» ықшамауданында тұрамын. Бұрын Іле ауданы болған. 2011 жылы қалаға кірдік. Бізге су №39 мектеп-гимназиясынан келеді. Мектептен кішкентай құбырмен су тартылған. Енді осы су және кәріз мәселесі қашан шешіледі? – деп сауал қойды тұрғын.

– «Боралдай» шағынауданында биыл магистралды жүйе құрылысы жүріп жатыр. Осы құрылыс аяқталған соң ішке кіретін желілерді ендігі көктемде, сәуір айында бастаймыз. Су қарқыны бойынша айтар болсақ, сіздер суды мектептен аласыздар, сондықтан оның қарқыны төмен. Алдағы уақытта қала жүйесі келгеннен кейін сіздерді сонда қосып, мектеп суынан ажыратамыз. Бұл жұмыс келесі жылы сәуірде басталады, – деді Ерболат Асқарбекұлы.

Қоғамдық көлік қатынайды

Кездесу барысында қоғамдық көліктің қатынауына байланысты сұрақтар да қойылды. Сұрақтардың бірі «Алғабас» шағынауданына қашан жаңа автобустар жүретіні туралы болса, тағы бір сұрақ №57, №33 №25 автобустардың жолын ұзарту жайлы қойылды.

– Өткен жолы №115 маршрут 40 минуттан жүреді деген ұсыныс айтылды. «Алғабастан» шығып, «Зерделімен» тоқтайтын болады. Одан басқа №142 маршрут бар. Осы екі автобус 1 қыркүйекке дейін сіздердің ауданда қатынайтын





САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ТОЛЫҚ ЕСКЕРІЛДІ

тұрғындарымен екінші кездесуі өтті



«Биыл «Саялы» шағынауданында 160 орынды балабақшаның құрылысы басталды. 2023 жылдың наурыз айында аяқтау қарастырылып отыр. Қазіргі уақытта «Зерделі» шағынауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынып жатыр. 2023 жылдың наурыз айында аяқтау жоспарда тұр.

Сонымен қатар, «Қарасу» тұрғындарының тілектерін ескере отырып, мен Мәдениет үйінің ғимаратын сатып алу туралы тапсырма бердім. Қажетті қаржы бөлінді, ғимаратты сатып алу жұмыстары жүріп жатыр. Сосын жөндеу жүргізу қажет, соның ішінде демеушілік қаражат есебінен», – деді Алматы қаласының әкімі.

Сондай-ақ, қала әкімі бүгінде Инновациялық шығармашылықтың көпсалалы орталығының құрылысы қолға алынып жатқанын хабарлады. Оған аптасына 5 мыңнан астам бала бара алады. Құрылыс жұмыстары келесі жылы басталады.

Медициналық қызметтердің сапасын арттыру және қадамдық колжетімділікті қамтамасыз ету үшін ағымдағы жылы «Саялы»

және «Қарасу» шағынаудандарында күніне 200 адамды қабылдайтын екі дәрігерлік амбулатория салу жоспарлануда.

Бүгінде Алатау ауданында көпсалалы аурухана жоқ. Алматы қаласының әкімдігі диагностикалық және оңалту орталықтары бар перзентхананы қамтитын қалалық көпбейінді аурухана салу туралы шешім қабылдады. Келесі жылы ЖСҚ әзірленетін болады.

Қатты жауын-шашын кезінде жеке тұрғын үйлер мен ғимараттарды су басу өткір проблема болып қалып отыр. Осы мәселені шешу үшін жыл соңына дейін 81 көшеде 30 км арық желісі салынады. 6 су бұрғыш коллектор қалпына келтіріледі.

«Зерделі» шағынауданындағы мәселелерге арнайы тоқталуды жөн көріп отырмыз. Өткен кездесулерде шағынаудан тұрғындары балаларға қауіп төндіретін салынып бітпеген екі көпқабатты үйге және үйлердің сейсмикалық күшейту жұмыстарын аяқтау қажеттілігіне қатысты алаңдаушылық білдірді.

Тұрғындардың өтініші бойынша осы жылдың соңына дейін аудандағы апатты үй-

лерді бұзу туралы шешім қабылданды. Олардың орнына жасыл саябақ аймағы мен балалар алаңын салу жоспарланған.

Сондай-ақ, тұрғындардың өтініштері бойынша биыл шағынаудандағы 63 үйдің қасбеттері сырланады. Қажетті қаржыландыру бөлінді, мердігер ұйым анықталды. Жұмыстар тамыз айында басталып, ағымдағы жылдың қараша айында аяқталады.

Шағынаудандағы үйлерді жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қирағалы тұрған үйлер мәселесі шешіледі. Бүгінгі күні барлығы 30 үйдің 23-і бойынша нығайту жұмыстары аяқталды. Қалған 7 үй бойынша жұмыстар ағымдағы жылдың желтоқсанына дейін аяқталады», – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев.

«Халықтық бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында соңғы 2 жылда ауданда 60 бос учаске абаттандырылды. Биыл 1 млрд 800 млн теңгенің 36 жобасы жүзеге асырылуда, оның ішінде 24 жоба бойынша жұмыстар басталды. Барлық жобалар ағымдағы жылдың қараша айында аяқталады.

миссия жұмысын бастағаннан кейін осы мәселені толықтай қараймыз. Сотқа барып, оның шешімі болса, мен осы мәселе бойынша жұмыс істеймін. Комиссияның жұмысын күтейік, – деп жауап берді Е.Досаев.

Шаһар басшысы сұрақ-жауап барысында жаңа мектеп пен спорт кешендерінің құрылысы туралы да мағлұмат берді.

– «Ұлжан-1» шағынауданының Қанабек Байсейітов көшесінде бос жер бар, сол жерге спорт кешені салынады деп еді. Уақыт өтіп бара жатыр, ол қашан салынады?

– Бұл спорт кешені Алатау ауданындағы 36 жобаның ішінде бар. Құрылыс жұмыстары тамыз айында басталып, жыл соңына дейін салынып бітеді. Сондай-ақ, «Шаңырақ-1» шағынауданында №41 мектептің орнына жаңа мектеп саламыз. Қорғаныс министрлігі ол жерді гвардияға берген, сондықтан жер мәселесі болды. Менің тапсырмам бойынша ол жерді алғаннан кейін біз жаңа мектеп саламыз, – деді Алматы қаласының әкімі.



болады. Ал №57, №33 №25 автобустардың жолын ұзартуға келсек, бізде 9–12 метрлік автобустар болғандықтан, олардың жолын созуға мүмкіндік жоқ. Себебі, көшелер тар, қоғамдық көлік кіріп-шыға алмайды. Қазір бұл жаққа шағын автобустарды жүргізу мәселесі қаралып жатыр. Ал аудан белсенділерінің өздері таңдаған аумақта айналма жол салынады. Құрылысты биыл бастаймыз. Айналма жол салынып болған соң, сіздерге 700–800 метрдей жақындықта 2 маршрут кіреді, – деді Алматы қаласының әкімі.

Өзекті мәселе қаралады

– Су қорғау аймағында тұрған үйлер аудан бойынша дертті мәселе деп айтсақ та болады. Бұл жерде мүмкіндік жоқ десе де, арасында заңдастырып жатқан үйлер бар. Қызыл сызықта, лептің астында тұрған үйлерге мемлекеттік актіні беріп тастады. Енді осы үйлерді заңдастыруға бола ма? – деді аудан тұрғыны.

– Сіз көтерген сұрақ өте маңызды. Қыркүйекте арнайы ко-

P.S. Алатау ауданындағы жиынға 250-ден астам тұрғын келді. Сұрақ-жауап кезінде барлығы 90-нан астам сұраққа жауап берілді. Қала басшысы кездесу барысында тұрғындар көтерген жолдарды, кәріз және электр желілерін жөндеу, абаттандыру және т.б. мәселелер бойынша түсініктеме берді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді, бір тоқсанда 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесу жоспарланып отыр.

Әзірлегендер Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ,
Досбол АТАЖАН.



Алатау

ауданы
2008 жылы құрылған.

Аудан аумағында

23 ықшамаудан бар.



«Халықтық бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында

1 млрд **800** млн
теңгенің 36 жобасы жүзеге
асырылуда.



Медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында

«Саялы» және «Қарасу» шағынаудандарында

күніне **200** адамды қабылдайтын дәрігерлік амбулатория салынады.



«Саялы» шағынауданында

160

балаға арналған балабақшаның құрылысы басталды.



Биыл Алатау ауданында

81 көшеге

30 шақырым

арық желісі салынады.



БРИФИНГ

16 ЖАСҚА ТОЛМАСАҢ,
самокат жалға берілмейді

Бұдан былай электрлі самокаттармен жаяу жүргіншілер жолағында, саябақтарда және бұқаралық іс-шаралар өтетін қоғамдық орындарда жүруге тыйым салынады.

Алматыда самокаттардың жылдамдығы шектеліп, оларды жалға алу ережелері өзгерді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингке қатысқан Алматы қалалық мобильділік басқармасы басшысының орынбасары Сымбат Мырзағұлов пен самокаттарды жалға беретін кикшеринг компаниясының өкілдері айтты.

Кейінгі кездері электр самокаттарының реттелмейтін қозғалысы мен оларды пайдаланудың, соның ішінде тұраққа қоюдың нақты ережелерінің жоқтығына қатысты қала тұрғындарынан шағым көп түсе бастаған еді. Осыған орай Алматы әкімдігі электр самокаттарын жалға беру сервистерінің қызметін реттеу жөнінде бастама көтерді.

Нәтижесінде Алматы электр самокаттарын жалға алу нарығының 100%-ын алатын 4 ірі компанияның өкілдерімен кездесулер өтті. Талқылау барысында қала тұрғындарының мүддесі үшін Алматыда жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты меморандум жасалды.

Меморандумға сәйкес қала аумағында электрлі самокаттардың жылдамдығы – 25 км/сағ болып бекітілді. Сондай-ақ, электрлі самокаттарды тек 16 жасқа толған тұлғалар ғана жалға ала алады. Операторлар электр самокаттардың метро кіреберістеріне, қоғамдық ғимараттардың жанына, газондарға,

қозғалыс және жаяу жүргіншілер бөліктеріне тікелей жақын болмауын қадағалайтын болады. Сондай-ақ, қалада арнайы тұрақтар жасалады. Келесі жылдың соңына дейін қалада 3000 тұрақ орнын жабдықтау жоспарлануда.

Жаңа ережелер меморандумға қол қойылған сәттен бастап бір ай ішінде – ағымдағы жылдың 15 тамызына дейін күшіне енеді.

Кикшеринг компаниялары өкілдерінің айтуынша, биыл Алматыда электрлі самокат

қолданушыларының саны бес есеге өскен. Брифинг барысында сөз алған «Jet Sharing» ЖШС директоры Мейрамбек Әбілқасов қос дөңгелекті көлікпен жүруге шектеу қойылған жерлер бар екенін айта келіп, егер пайдаланушы самокатты тиісті орынға қалдырса, онда ол үшін бонус алатынын, ал керісінше, дұрыс жерге қалдырмаса, онда айыппұл арқалайтынын жеткізді. Ал «Ozim» ЖШС директоры Асылбек Есенов бір самокатпен екі немесе одан да көп адамның жүруіне барлық операторлардың тыйым салатынын, себебі бұл қауіпті және скутер бір адамға ғана арналған көлік екенін атап өтті.

Еске салсақ, самокаттарды жалға беру қызметі Алматыда 2018 жылдан бастап қолға алынды. Қазіргі уақытта нарықта 15 мың электр самокатын жалға беретін 4 компания («Ozim», «Jet», «Eleven», «Whoosh») жұмыс істейді. Бүгінгі таңда қалада күн сайын электр самокаттармен 100 мыңға жуық жол қозғалысы жасалады.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Биыл Алматыда самокат қолданушыларының саны бес есеге өскен.
- Қалада күн сайын самокаттармен 100 мыңға жуық жол қозғалысы жасалады.
- Шаһарда 4 компания 15 мың самокатты жалға береді.



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ОҢТАЙЛЫ ТӘСІЛ

Ғарыштық мониторинг 10 қоқыс алаңын анықтады

Заман өзгеріп, технология дамыған шақта түрлі заманауи әдістер қолданысқа ене бастады. Олардың қатарында ғарыштық бақылау арқылы күл-қоқысты да анықтауға болатын тәсілдер бар.

Қалалық Экология департаментінің өкілдері ғарыштық бақылау арқылы мегаполис аумағында бейберекет төгілген 10 қоқыс полигоны барын анықтады. Рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісіне қатысты экологтар Алатау, Түркісіб және Медеу аудандары әкімдіктеріне айыппұл салды. Бұл мәліметтерді журналистерге қалалық Экология департаменті хабарлады.

Тазалық – баршаға ортақ. Әйтсе де, қала тұрғындарының тазалық жөніндегі мәдениеті, түсінігі әлі де төмен. Көпшілігімізде өз үйінен басқа жердегі тазалыққа деген немқұрайдылық басым. Сол себепті де, қоқысты қалаған жеріне тастай салып, «ақысын төлеп жатырмыз ғой» деп жүре беретіндер бар. Сондықтан бұл мәселемен күреске тек көше тазалаушылар ғана емес, қоғам болып атсалысуы керек. Қанша айыппұл салынып, ескерту жасалып жатса да, жұрт айналасын ластауды тоқтатар емес. Бұл жеке тұлғаға да, құрылыс компаниялары мен басқа ұйымдарға да қатысты айтылып отырған наз. Мәселен, мердігер ұйымдар бір күнде бір ғана нүктеден 5-6 тонна қоқыс шығарады. Осылайша бүгінде қаладағы сегіз стихиялық қоқыс жойылды.

Алматы қаласы бойынша Экология департаментінің өкілі Әділ Нұрпейісовтің айтуынша, «Ғарыш сапары» арнайы базасы арқылы қала аумағында жаңа қоқыс орындары тіркелген. «Біз оларды жаз кезінде толығымен жоюға тырысамыз. Қоқыс қалдықтарының

адам денсаулығына, қоршаған ортаға қауіптілігін зиян екенін өздеріңіз де жақсы білесіздер. Сондықтан қалалықтардан тұрмыстық қалдықтарды қоқыс төгетін арнайы жәшіктерге апарып тастауды сұраймыз», – дейді Ә.Нұрпейісов.

Айта кетейік, ведомство аудандық атқарушы органдардың өкілдерімен және қоғам белсенділермен бірлесіп, ғарыштан бақылайтын құрылғылар көмегімен қала аумағындағы қоқыс полигондарына мониторинг жүргізуде.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

БАҚЫЛАУ
КҮШЕЙДІ

Сел қаупін сейілту жұмыстары басталды

Қала маңында 45 мореналық және мұздық көлдер орналасқан. Олардың ішіндегі 12-сі аса қауіпті аймақ деп саналады. Олар қазір жұқа мұз жамылғысының астында «ұйықтап» жатыр. Алайда, күн ыстықта аймақтағы мұз еріп, қауіп тудыруы ғажап емес. Осыны ескерген ТЖД қызметкерлері сел қаупін болдырмау үшін жедел жұмыстарды бастап кетті.

Қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы, полковник Руслан Қасыбаевтың айтуынша, Алматының аумағында селмен күресудің ең тиімді әдісі – мореналық көлдерді босату бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу. Биыл «Ақсай», «Үлкен» және «Кіші Алматы» өзендерінің бассейндеріндегі 7 көлді босату жұмыстары қолға алынды. Бірақ ауа райының қолайсыздығына және таулы аймақтың төмен температуралық жағдайына байланысты бір ай кешірек басталды.

– Алдын алу жұмыстарына барлығы 40 адам кірісіп, бульдозерлер іске қосылды, эвакуациялық каналдарды тазарту және тереңдету жұмыстарын жүргізу жоспарда бар. Суды қосымша айдау үшін арнайы понтондарда 10 бірлік өнімділігі жоғары су сору қондырғылары дайындалды. Сондай-ақ, су ағызу белгіленген сифонды құбырлар желілері бойынша жүзеге асырылады. №6 және 13 Бис көлдеріндегі екі сифон желісі автоматты түрде қосылды. Үлкен Алматы өзені бассейніндегі №8 және 13 Бис қауіп бар көлдерде қосымша 2 желіні қосу жоспарлануда. Ол үшін 2900 метр полиэтилен құбырлары дайындалды», – деп атап өтті қалалық ТЖД баспасөз қызметінің өкілі.

Мореналық көлдердің жай-күйіне бақылау жүргізу үшін тұрақты негізде жұмыс істейтін 9 бекетке қосымша 10 биік таулы маусымдық бекеттер қойылған. Сел қаупі бар кезеңде барлығы 19 бекет жұмыс істейтін болады. Сондай-ақ, Төтенше жағдайлар департаменті сел қаупін автоматтандырылған мониторинг арқылы бақылайды.

НАЗАРҒЫЗДА БОЛСЫН!

Көлік қозғалысы
шектеледі

Жөндеу жұмыстарының жүргізуіне байланысты 19–20 шілдеде сағат 22.00-ден таңғы сағат 06.00-ге дейін, 21–22 шілдеде сағат 22.00-ден таңғы 06.00-ге дейінгі аралықта Розыбакиев көшесінің әл-Фараби даңғылынан Есқараев көшесіне дейінгі бөлігінде көлік қозғалысы уақытша тоқтайды.

Шектеу жол жөндеу жұмыстарының 2022 жылға арналған жоспары аясында жүзеге асырылады.

Алматы қалалық мобильділік басқармасы уақытша келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұрай отырып, жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұрайды.



Ғалымжан КЕРІМБЕК,
экономика ғылымының кандидаты,
профессор:

Отандық өнімге басымдық берілу керек



Мемлекет басшысы Үкіметтің күні кешегі кеңейтілген отырысында біраз өзекті мәселені ашып айтты, мән-маңызын тарқатып берді. Айтылған мәселенің көбі

көкейге қонды. Иә, әрине, оның бәрі бірер күнде шешіле қалады деу де қисынға келе қоймас. Бірақ соларды шешудің тың жолдарын көрсетіп берді.

Осыдан бір ғасыр бұрын шетел ғалымдары экономика саласына қатысты өзекті мәселелерді, яғни инфляцияны, жұмыссыздықты қалай ауыздықтаймыз, қалай табысқа кенелеміз деген тақырыптарды зерттегенде, ең бірінші кезекте отандық өнімді көбейтуіміз керек деген тұжырымға келген екен.

Дамыған мемлекеттерде алдымен отандық өнімдерге басымдық беріледі. Мысалы, жапондықтар басына қандай қиын жағдай тұмасын, бірінші кезекте өзі шығаратын өнімін тұтынады. Біз де осы мәселені көптен көтеріп келеміз. Дегенмен, әлі өнімді өңдегеннен гөрі, бізге оны дайын күйінде сатқан тиімді болып отыр. Президент сауда саласына тәртіп керек деп бекер айтқан жоқ. Өйткені, бұл салада көлеңкелі экономиканың иісі аңқып тұр. Алыпсатарлық, бағаны қолдан көтеру, тапшылықты қолдан жасау секілді заңсыздықтарды ауыздықтайтын кез жетті.

Негізі, саудамен жеке адамдар емес, мемлекет айналысуы керек. Екіншіден, отандық өнімдерге барынша қолдау көрсетіліп, басымдық берілу қажет. Мысалы, мына іргемізде жатқан Өзбекстанның сауда нүктелерінде басқа елдің қызылды-жасылды дүниесі тұрса да, олар алдымен өзінікіне қол созатынын байқап жүрмін.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің мәселелеріне де кеңірек тоқталды. Олар тауардың үздіксіз жеткізілуін, өнім сапасының тұрақты болуын қамтамасыз ете алмайтынын тілге тиек етті. Иә, ала жаздай, аптап ыстықта, ашық аспан астында жүретін дикандардың жұмысы оңай емес. Етінін жинайтын кезде, тер төгіп тапқан өнімді осындай бағада сатылады деген кепілдікке ие болуы керек. Сонда дикан да ынталы болып, төкпей-шашпай жинап алып, халыққа сапалы өнім ұсынатын болады. Ал оған кепілдік берілмесе, уақыты келіп өнімін жинап алған кезде баға түсіп кетуі мүмкін. Еңбек еш болды деген сол. Сондықтан Мемлекет басшысы фермерлерге қолдау көрсету тәсілдерін бірлесе әзірлеуді тапсырды. Отандық тауарлардың сауда орындарына кедергісіз шығарылуын қамтамасыз ету керектігін де шегелеп айтты. Бұл – өте маңызды.

Экономика дегеніміздің өзі – кез келген нәрсені үнемдеп, ұтымды пайдалана білу дегенді білдіреді. Біз де кез келген саланың көзін тауып, орнымен пайдалана білсек, экономикамыз қарыштап дамиды деген сөзсіз. Сонда халық та бақуатты тіршілік кешетін болады.

Тағы бір өзекті мәселе – өнімді сату. Өкінішке қарай, еліміздегі өнімнің бәрі бірдей дүкен сөресінен табыла бермейді. Импортпен қатар, ішкі кедергілер де бар. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің мәселелері де аз емес. Олар тауардың үздіксіз жеткізілуін, өнім сапасының тұрақты болуын қамтамасыз ете алмайды.

Басқа да талаптар бар. Әрине, мұның бәрін біртіндеп ретке келтірген жөн. Бұл Ауыл шаруашылығы министрлігі және Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құзырындағы мәселе. Сондықтан, фермерлерге қолдау көрсету тәсілдерін бірлесе әзірлеуді тапсырамын.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ
ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН



Рахман АЛШАНОВ,
экономика ғылымының докторы, профессор:

Бүкпесіз әңгіме айтылды



Үкіметтің кеңейтілген отырысы ашық әрі бүкпесіз өтті деп айта аламыз. Отырыс барысында Мемлекет басшысы экономикамыздың шешімі табылмаған көптеген өзекті тұстарын атап өтті. Осы

жолы мен Президенттің сөйлеген сөзінде алғаш рет «ұят», «апатты жағдай», «игерілмеген сала» деген сынды эмоционалды бағалауын естігенімді атап өткім келеді. Менің ойымша, Президент қойған өткір сұрақтардың көпшілігіне Үкіметте жауап жоқ. Сондықтан Мемлекет басшысының Министрлер Кабинетінің қызметін бағалауымен және жағдайды түзету үшін кадрлық өзгерістер қажет болуы мүмкін екендігімен келісуге болады.

Мысалы, инфляцияға қатысты жағдайды алайық. Бұл үшін жауапты бөлімдер үнемі әлемдік қиындықтарға сілтеме жасайды. Бірақ біз аграрлық елміз, ал Президент атап өткендей, азық-түліктің кейбір түрлері 80%-ға дейін қымбаттады!

Сонымен қатар, елімізде бананнан басқа барлық өнімдерді өндіруге әл-ауқатымыз жетеді. Бірақ бананның жоқтығына шағымданып жүрген халық жоқ. Ел-жұртты ет, қант, сүт, нан секілді қажеттіліктер алаңдатады.

Президент отырыс кезінде барлық салалар бойынша талдау жасап, нақты фактілер мен дәлелдер келтірді. Мысалы, битум мәселесін алайық. Бізде үш мұнай өңдеу зауыты бар, бірақ еліміз сонда да үш есе қымбат битумды импорттайды. Осындай істерді тиісті мекемелер қадағалап отыруы керек. Үкіметтің қолында мұндай мәселелерді шешу үшін барлық қажетті тетіктер бар.

Қант бойынша да тура осындай жағдай. Президент алдында тапшылық жоқ деп есеп беріледі. Бірақ сонымен бірге қызылша дақылдары азайып жатқаны және зауыттарда өнімнің жетіспейтіні анықталады. Бір жағынан халық қант жетіспейтінін айтады. Екінші жағынан Үкімет бәрі жақсы деп хабарлайды. Сонда Президент пен халықты кім алдап жүр?

Тыңайтқыштар мәселесіне келсек. Қазақстанда аса бай калий кен орындары мен фосфор қоры бар. Оған қарамастан мыңдаған тонна тыңайтқыштарды импорттау жалғасып жатыр. Сонда да тыңайтқыштардың жетіспеушілігі бар.

Біздің жердегі 10–15 сантиметр қарашірікпен Украинадағы екі метрлік черноземді салыстыруға болмайды. Қазақстан үшін егін алқабын тыңайтқыштармен қамтамасыз ету өте маңызды. Сондықтан бұл мәселе Үкіметтің тұрақты бақылауында болуға тиіс.

Мемлекет басшысы банктерде 11 триллион теңге өтімділігі жоғары актив бола тұра, нақты секторларға инвестициялар қысқарып жатқанын «нағыз апатты жағдай» деп атады. Банктер мемлекеттен үлкен көмек алды, ал олардан қайтарым қайда? Қарапайым адамдар қажеттіліктен несие алады, ал құрығы көп банктерге ешкім ештеңе айта алмайды. Өз кезегінде салымшылар қарызды қайтару мүмкіндігі болмаған кезде өз мәселесімен жалғыз қалады.

Жақын уақытта Үкімет Президенттің тапсырмалары бойынша тиісті шаралар әзірлеп, қайтадан есеп береді. Бірақ ең бастысы – бұл жоба әзірлеу емес, олардан нәтиже болуы. Мысалы, инфляция бағаны көтеруге тыйым салудан ғана төмендемейді. Қала, аудан немесе облыс әкімі базарға келсе, оған төмен бағалар көрсетіледі, әкім кетсе – тұтынушылар үшін басқа баға тұрады. Мұндай алдау кімге керек? Халық бәрін біледі.

Үкімет ішінде кадр саясатын жүзеге асыру – Президенттің айрықша құзыреті. Мемлекет басшысы күзде кадрлық өзгерістер қабылдануы мүмкін деді. Мен Үкімет құрамына жеңін түріп, күндіз-түні халық үшін жұмыс істегісі келетін адамдар келуі тиіс деп есептеймін.

Сырымбек ТАУ,
кәсіпкер, экономист:

Адам капиталы – елдің басты байлығы



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы болды. Президентіміз бұл жолы аса қажетті салаларға көңіл бөлді. Білім саласына, медицина, өнеркәсіп, ауыл шаруашылық салаларына тоқтала кетті.

Азаматтардың табысын арттыру және адам капиталын дамыту, белгілі аймақтарда жұмыспен қамту, көші-қон саласын реттеу деген сияқты мәселелерді көтерді.

Адам капиталын дамыту ісінде білім саласы негізгі рөл атқарады деп, еліміздегі білім және ғылым саласын тың серпінмен дамытуға күш салу, балалар арасындағы зорлық-зомбылықты азайту, балабақша секторын қадағалау, балалар үйірмесі саласындағы қаражатты жымқыру сияқты кемшіліктерді түзету – дамудың бірден-бір жолы деді. Адам капиталы – елдің басты байлығы.

Сондай-ақ, Ресей нарығын тастап кеткен шетелдік компаниялардың Қазақстанға қоныс аударуына жағдай жасау керектігін айтты.

Сонымен қатар, автожол инфрақұрылымын дамыту, жол құрылысына ерекше көңіл бөліп, оның сапасын арттыру керектігіне тоқталды.

Отырыстағы айтылған мәселелерді Қазақстанның әрбір азаматы білуі тиіс деп ойлаймын. Еліміздің өркендеуіне әрбір азамат үлес қосатын кезеңде тұрғанымызды ұмытпайық!

Бурахан ДАҚАНОВ,
«TAUEKEL» ұйымының жетекшісі:

«Көш мәселесі» жаңа қарқынмен бой түзейді



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген жиынында Оңтүстік өңірлерден Солтүстікке көшіру мәселесін қолға алу керектігін атап өтті. Сондай-ақ, сырттан келген қандастарды ел ішінде ұтымды жайғастырып, оларды бизнеске, мемлекеттік қызметке икемдеудің жаңа жолдарын ойластыруды тапсырды. Көш мәселесі ғасырлық маңызға ие болғандықтан, бұл тақырыпқа Президенттің назары түскеніне өз басым қатты қуанып отырмын. Осы ретте Мемлекет басшысының: «Өңірдегі жұмыссыздық ішкі және сыртқы көші-қон үдерісіне байланысты күшейіп барады. Үкіметке ішкі экономикалық ресурстарды жұмылдыратын жаңа тәсілдер әзірлеуді тапсырамын. Бұл ретте халықты өзге аймақтарға көшіру бағдарламасын түбегейлі қайта қарау керек. Біз тарихи Отанына оралған қандастарды толық қолдаймыз», – деп атап өткен сөзі бар еді. Демек, «көш мәселесі» жаңа қарқынмен бой түзейді деген үміттемін.

Осыған орай, Президенттің көшті реттеуге байланысты тапсырмасын іске асыру, нәтижелілігін арттыру мақсатында құрылған тағы бір ұйым көші-қонмен айналысатын біздің ұйым екендігін де баса айту қажет.

Бетті әзірлегендер
Нұржамал ӘЛШЕВА, Досбол АТАЖАН,
Ақтоқпын ТҮРЛЫҒАЗЫ.



«STRANGER»

Алматыда
Димаштың
концерті өтеді

Димаш Құдайбергеннің көптен күткен «STRANGER» атты жеке концерті 23 қыркүйек күні Алматыда алғаш рет ұйымдастырылады. Билеттер онлайн сатыла бастады. Бұл туралы әнші Instagram-дағы парақшасында жазды.

«Құрметті достар! 2022 жылғы 23 қыркүйекте Алматы қаласында көптен күткен концертім өтеді! Бұл – менің оңтүстік астанада ұйымдастырылатын алғашқы жеке шығармашылық кешім. Шоу Қазақстандағы ең ірі спорт ғимараттарының бірі – Орталық стадионда өтеді», – деп жазды әртіс.

Өнер иесі бұл күнді асыға күткенін жасырмады.

«Құрметті тыңдармандарыммен туған елімде қайта кездесетініме қуаныштымын! Сіздерді асыға күтемін», – деп жазды ол.

ГАСТРОЛЬДІК САПАР

Кореяға барып
қайтты

Қазақ мемлекеттік корей театры гастрольдік сапармен Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласына барып қайтты. Көрерменнің ыстық ықыласына бөленген өнер ордасы Чеховтың пьесасы бойынша қойылған «Шағала» шығармасын ұсынған болатын.

«Шығарманы қарап отырып, дәстүрлі және заманауи көзқарастардың шебер үйлескендігін байқауға болады. Чеховтың «Шағала» классикасы театрландырылған декорациямен толықтырылып, тамаша динамикалық шығарма тудырды. Классикалық оқудың мән-мағынасы сақталды, бірақ заманауи тәсілдің көмегімен көрермендерге керемет әсер қалдырды», – дейді Корея сыртқы істер министрлігінің департамент директоры Ли Джа Хён.

Кореяда жергілікті жұртшылық өнерпаздарға үлкен қошемет көрсеткен, спектакльден ерекше әсер алғандарын да жасырмады. Қарап отырсаңыз, «Шағала» – халықаралық жоба. Қойылымға жетекшілік еткен Пак Кэ Бе мен режиссер Кан Тэнің еселі еңбектерін қойылымынан байқауға болады. Өзгеше стильде тігілген киімдерді Кореядан келген Ким Ин Ок ойластырған. Қоюшы-суретші әрі шығармаға өзгеше өң берген Қанат Мақсұтовтың ұшқырлығы да елді тәнті етті.

«Кореяға бұған дейін бірнеше рет келсек те, дәл осындай жылы қабылдау болмаған еді. Біздің корейшеміз осындағы корей тілінен бөлек болғандықтан, көрермендерге бізді түсіну өте қиын болды. Сондықтан бұл жолы режиссеріміз Кан мырза орысша ойнауымызды талап етті. Бұл көпшілікке ұнады. Шығарманың түпнұсқасын тамашалағандай болды», – дейді мемлекеттік республикалық академиялық корей музыкалық комедия театрының директоры Елена Ким.

Бұл шара екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығына және алматылық корей театрының 90 жылдығына арналған. Қазақстандық әртістер өз өнерін 2–10 шілде аралығында ежелгі Конджу қаласында өтетін KomAnaRu халықаралық театр фестивалінде де көрсетті.

Дайындаған
Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ФЕСТИВАЛЬ

АЛМАТЫЛЫҚТАР ТАРТУЛ

«Абай» алаңында қалаға мерекелік



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Tartyl Fest фестивалі Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жастар мен жасөспірімдер арасында спортты дамыту, спортпен шұғылданатын тұрғындар санын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.

Фестиваль қаланың ең ірі алаңдарының бірінде мемлекеттік Әнұранның орындалуымен басталды. Жарыстың ашылу салтанатында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Алматы қаласы спорт басқармасының басшысы Ерден Хайруллин, сондай-ақ, «Дара» таланттарды қолдау қорының» жетекшісі Нұрлан Қоянбаев және жоба амбассадоры, Қазақстандағы Street workout қозғалысының негізін қалаушылардың бірі Айтым Жақыпов сөз сөйледі.

«Абай» алаңында сағат 9.00-ден бастап қатысушылардың салмағы өлшеніп, оларға нөмірлер берілді. Фестивальге қатысушыларға бір ғана талап қойылды, ол – ережеге сай қатысушылар арасында турникке ең көп тартылу. Сайысшылар салмағы мен жасына байланысты 9 санатта жарысты. Сайыс ресми төрешілер алқасының қатысуымен болды. Іс-шара барысында келген қала тұрғындары мен жанкүйерлер үшін арнайы концерттік бағдарлама болды және кәсіби спортшылар өнер көрсетті.

Фестиваль қорытындысы бойынша Алматы Tartyl Fest қатысушыларының рекордтық санын орнатты. Мегаполисте барлығы 623 адам темірге тартылып күш сынады. Бұған дейін ең үлкен көрсеткіш 288 адам қатысқан Талдықорған қаласында болды. Сондай-ақ, оңтүстік астанамызда бір адамның тартылу саны бойынша да рекорд жаңарды. Алматыда екі қатысушы 40 рет тартылып, Қонаев қаласының көрсеткішін жаңартты.

Үздіктер марапат алды

Жас санаты мен салмақ дәрежесіне қарай үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар ақшалай сыйлықпен марапатталды. Бірінші

орын жеңімпазына 200 мың теңге ақшалай сыйлық, екінші орын үшін – 100 мың теңге, үшінші орын үшін – 50 мың теңге берілді.

18 жасқа дейін 54 келі салмақта Тохти Қурбанов 27 рет тартылып, үздік нәтиже көрсетті. 64 келіде ең үздік нәтиже көрсеткен екі қатысушының бірі Мейіржан Мұнашбай 40 рет тартылып, бірінші орынға ие болды. 79 кг салмақта бақ сынаған 17 жастағы Алан Абзалханұлы (30 рет) да көш алдында болды.

18–30 жас аралығында тағы бір үздік нәтиже көрсеткен қатысушы Медет Күзембаев (40 рет) 58 келіде бірінші орын алды. Сондай-ақ, 34 рет тартылған Дәулет Қалман (66 кг) және 27 рет тартылған Абылай Сейілханов өз салмақтарының алтынын алды.

30 жастан жоғары жас санатында Руслан Ахметов (66 кг – 33 рет), Ақбар Жармағанбетов (82 кг – 27 рет) және Ержан Нармашев (97 кг – 27 рет) бірінші орыннан көрінді.

Айта кеткен жөн, өңірлерден іріктелген жеңімпаздар елордада өтетін гранд-финалға қатысады, жүлде қоры – 54 млн теңге. Ал жарыс чемпионы Street Workout бойынша әлемдік чемпионатқа Қазақстаннан жолдама алады.

Көрі де, жас та қатысты

Tartyl Fest фестивалінде аға буын өкілдері де ерекше белсенділік танытты. Солардың бірі – Оразбек Жантекеев.

«Менің жасым 62-де. Осы Алматы қаласының тұрғынымын. Өзім де біраз жылдар спортпен айналысқандықтан, турникке тартылудан жарыс өтетінін естігенде қуанып қалдым. Немерелерімді тамашалауға ертіп келдім. Жастармен тайталаса алмасақта, бағымызды сынап көрдік. Мына жерден қатарластарымды да көріп қалдым. Үйде аяқты көтеріп қойып жатқаннан гөрі спортпен айналысқанымыз жастарға үлгі болмақ. Жарысты ұйымдастырушыларға айтар бір тілегім бар, 50–60 жас аралығындағы буынды жеке топтастырса деген үміттемін. Өйткені, 30 жастағы азаматтардың күші бізден бәрібір басымрақ болады ғой. Осы жағын да ескерсе деймін.





FEST-TE TARTYISQA TYUSTI

көңіл күй сыйлаған спорттық жарыс өтті



Аға буынның осындай шараларда білек сыбана кіріскені жақсы емес пе?», – дейді қатысушы Оразбек Жантекеев.

Tartyl Fest фестиваліне еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін қатысты. Мүмкіндігі шектеулі жандар да халық алдына шығып, нағыз күш-жігердің бейнесін көрсетіп күш сынады. Мұндай ерлік ескерусіз қалмай, ең жас қатысушы атанған 5 жастағы Жаңабай Рауан (7 рет тартылды) арнайы сыйлықпен марапатталса, жасы ең егде қатысушы 69 жастағы Роман Балтабаев «Жас ұрпаққа үлгі» деген марапатқа ие болды. Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімдігі паражүзден Қазақстан чемпионы, 60 жастағы Чакер Смағұловты «Жеңіске деген жігері үшін» арнайы сыйлығымен марапаттады. 23 жастағы мотиватор-қатысушы Әділжан Дәулетов пен 10 жастағы Вероника Соклаковаға да (21 рет тартылды) ҚР Президентінің Іс Басқарушысы Айбек Дәдебаевтың ерекше сыйлықтары табысталды.

Нұрлан ҚОЯНБАЕВ,

«Дара» таланттарды қолдау қорының жетекшісі:

Жастарымыз үшін үлкен өнеге

Жақында Қазақстан Президентінің қолдауымен «Дара» дарындыларды қолдау» қоры ашылды. Бұл қор ел ішінде осындай ірі шаралар өткізіп, мықты-мықты азаматтарымызды іріктеп, оларды әлемдік жарыстарға алып баратын көпір болуы керек. Басты мақсатымыз – осы. Егер осындай фестивальден өз жолын бастап, халықаралық сайыстарда жігіттеріміз жүлделі орындар алып жатса, бұл жастарымыз үшін үлкен өнеге болады. Сондай-ақ, бұқаралық спорттың дамуына үлкен үлес қосады.

Мен өзім таңертең келіп, 4 рет тартылдым. Онда тұрған ешқандай ұят жоқ. Бұл көрсеткішке әр қалада екі реттен қосып тұрмақпын. Жарыс өзі 60 күн болады. Барлық 20 қаланы аралап болғанда, 15–20 рет тартыламын деген ниеттемін. Бұл – менің алдыма қойған мақсатым. Осы челлендж арқылы жастарға күн-

делікті спортпен айналысудың пайдасын көрсетіп, дәріптегім келеді.

Тағы бір мақсатымыз – фестивальді жыл сайын өткізу. Бұл шара жылда өткізілетін болса, алдағы 5-6 жылда спортқа қызығатын, денесі шыныққан миллиондаған азамат тәрбиелейміз деген ойдамын.

Айтым ЖАҚЫПОВ,
жоба амбассадоры:

Мақсат – бұқаралық спортты дамыту

Бірінші кезекте «Дара» таланттарды қолдау қоры мен Алматы әкімдігіне іс-шараны ұйымдастырудағы көмегі мен халық арасында бұқаралық спортты дамытудағы үлесі үшін алғыс айтамын. Алматы бүгін шынымен де барлық рекордтарды жаңартып жатыр. Таңғы сағат 9-дардың өзінде қатысушылардың кезегі «Абай» алаңынан көшеге дейін созылды.

Негізгі мақсат – бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын дәріптеу. Сондықтан қандай спортта болсын, дұрыс бағытта, ережелерге сай жарысайық.

Барлық қатысушыларды кәсіби спортшылар бақылап, нәтижелерін жазып алуда. Бүгінгі төрешілердің қай-қайсысы да тартылу ережелерін өте жақсы біледі. Алдағы уақытта осы тобымызбен еліміздің 20 қаласын аралауды жоспарлап отырмыз. Әр қалада жүлделі орындар мен ақшалай сыйлықтар беріледі. Ал қыркүйек айында барлық мықтылар елордамызға шақырылып, Нұр-Сұлтан қаласында шешуші жарыс өтеді.

Артық айтқаным емес, бүгін Қазақстандағы Street workout саласы даму қарқыны бойынша әлемде бірінші орында деп айта аламын. Себебі, біздің еліміз әлемдегі Street workout-қа мемлекеттік деңгейде көмек көрсететін жалғыз мемлекет.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



КӨРМЕ



Көркем фотокартиналар көрмесі

Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында Игорь Вовнянконың 80 жылдығына арналған «Менің Қазақстаным» атты фотокартина көрмесі ұсынылды. Аталмыш іс-шараны Қазақстан Кинематографистер одағы ұйымдастырды.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ол қазақ кинематографиясына 60 жылдан астам өмірін арнады, оператор, қоюшы-режиссер және сценарий авторы ретінде ондаған көркем фотокартиналар түсірді, қазақ киносының алтын қорына занды түрде енген деректі кинотуындыларының сериясын жасап шығарды. Сонымен қатар, Вовнянко «Қазақстанның этно-сәулет және ландшафтық мәдениетінің антологиясын» жасай отырып, туған ел туралы бірегей фотоматериалдарды жинақтады.

Игорь Вовнянко белгілі кинооператор Борис Волчектың оқушысы болған. Ол «Қазақфильмге» келгенде Шәкен Аймановтың өзі батасын берген. Басты рөлді Асанәлі Әшімов сомдаған «Атаманның ақыры» картинасымен басталып, «Трансжібір экспресі» фильмімен жалғасатын әйгілі эпостың үшінші бөлігін Кеңес Одағының кезінде түсірілген Игорь Вовнянконың режиссерлік дебюті «Маньчжур нұсқасы» картинасы құрады.

Кейін Игорь Александрович өзін драматург және сценарист ретінде танытып, тағы бірнеше көркем фильмдер түсірді. Атап айтқанда, «Господи, помилуй заблудших» және «Долина смерти». Түсірілімнен бос уақытын ол өзі фильмдер түсірген жерлердің сәулетімен және табиғатымен танысуға арнайтын. Оның нәтижесі – әлемнің көптеген елдерінде қойылған «Менің Қазақстаным» атты фотосуреттер көрмесі болып отыр.

«Игорь ұлан-ғайыр Қазақстан даласын өзгеше сипатта көрерменге жеткізе білді. Оның туындылары көзқарасты көрерменнің әсте көңілінен кете қоймайсы анық. Оның табиғат пен киноға деген сүйіспеншілігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Тау мен тасты, сыңғырлап аққан өзен аңғарын да дәл жеткізетін еді. Ол секілді ұлы тұлғалар бізге қажет. Артында өсіп келе жатқан ұрпақтары ізін жалғайтынына сенімім мол», – дейді кеңестік және қазақстандық кино және театр актері, КСРО және Қазақстанның халық әртісі Асанәлі Әшімов.

И.Вовнянко шөл мен сәулет, дала мен жан-жануарларды туындыларында шебер жеткізген, ерекше сипаттаған.

«Қазақстан – табиғаты керемет, тропиктер мен субтропиктерді қоспағанда, барлық климаттық аймақтар қамтылған орасан зор ел. Бұл кең аумақта ежелгі мәдениеттердің іздері көп. Олар ЮНЕСКО қорғауына алған Тамғалы тас шатқалында орналасқан қорғандар мен жартастағы суреттер-петроглифтер. Осынау табиғаттың тылсым дүниелерін әкемнің еңбектерінен байқауға болады. Ежелде Қазақстан арқылы біздің мәдениетімізде із қалдырған және мемлекет аумағына көптеген діндерді алып келген Ұлы Жібек жолы өткен. Сол уақыттан бері ислам, христиандық және басқа конфессиялар біздің жерімізде бейбітшілік пен келісімде қатар өмір сүріп келеді. Бұрынды әкеміз Қазақстанның түкпір-түкпірінен Азияның жаны көрінеді деп айтып отыратын», – дейді ұлы Андрей Вовнянко.

Игорь Александрович Вовнянко 1942 жылы Алматыда дүниеге келген. 1968 жылы Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтының операторлық факультетін бітірген. Өзінің кинематографиялық қызметі кезінде қоюшы-оператор, қоюшы-режиссер және сценарий авторы ретінде 30-дан астам кинокартина түсірген. Вовнянконың театрлық пьесалары көп жылдар бойы еліміздің жетекші қазақ театрларының сахнасында сәтті қойылды. 10 жылдан астам уақыт бойы ол Қазақстан Кинематографистер одағын басқарған. Аталмыш көрме 2022 жылдың 28 шілдесіне дейін жалғасады.



БАҒДАРЛАМА

«Болашақтың» тізімі шықты

«Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алып, елге оралып жатқан жастарымыз жеткілікті. Биылғы жылы да шетел асып, білім қуғалы отырған жастарымызға республикалық комиссия шешімімен осы жылдың бірінші жартысында 199 стипендия тағайындалды. Олардың қатарында Гарвард, Кембридж, Оксфорд, Колумбия, Стэнфорд, Пенсильвания, Корнелл университеттері секілді әлемнің үздік жоғары оқу орындарындағы магистратураға – 187, докторантураға – 12 адам оқуға түсті.



Осынау атаулы шараға орай, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің төрағалығымен Кадрларды шетелде даярлау жөніндегі республикалық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Мемлекет басшысының «Болашақ» бағдарламасын қайта бағдарлау жөніндегі тапсырмасы бойынша инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға басымдық беріліп, биыл техникалық

және IT мамандықтарға бөлінетін грант саны 60%-ға ұлғайды. Сонымен қатар, инженерлік-техникалық мамандардан «Болашақ» стипендиясын тағайындауға конкурстық іріктеуге қатысуға келіп түскен өтінім саны өткен жылмен салыстырғанда екі есе артты. Жалпы алғанда, биыл магистратура мен резидентураға 385 стипендия, докторантураға 60 стипендия бөлінді.

Сондай-ақ, жылдың соңына дейін республикалық комиссияның екі отырысы өтеді деп жоспарлануда. «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға конкурстық іріктеуге қатысу үшін құжат 23 мамыр мен 14 қазан аралығында қабылдана, тағайымдамадан өту үшін құжат қабылдау 2022 жылғы 5 қыркүйекте басталып, 14 қазанға дейін жалғасады.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

Балабақшалар лицензияланады

Біздің елімізде 2011 жылдан бері балабақшалар жұмысын бастау үшін лицензия алмай, тек қана жұмысын бастағаны туралы хабарлама беріліп келеді. Мектепке дейінгі мекемелер 2021 жылға дейін мемлекеттік бақылау, яғни аттестаттаудан да толығымен босатылған.

Осылайша лицензиядан босату туралы шешім жекеменшік сектордың жылдам дамуына, балабақшамен қамтуды 99 пайызға жеткізуге өз әсерін тигізген еді. Бірақ бұл жағдайдың балабақшалардағы сапаны қамтамасыз етуге теріс әсерін тигізгені жасырын емес. Оған нақты дәлелді Оқу-ағарту министрлігіне соңғы кездері балабақшалардың жұмысы бойынша ата-аналардың арыздары жиілеп кеткенінен де көруге болады.



Осыған қарай, Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов былай дейді:

– 2021 жылы мемлекеттік бақылауды қайта енгіздік. Оның нәтижелері де проблемаларды көрсетіп отыр, балабақшалардың 80%-ы бақылаудан өте алмады. Олар аттестациядан өтпеуіне байланысты формалды түрде жабылады, бірақ лицензия бойынша талап болмағаннан кейін сол ғимаратта, сол проблемалармен қайта ашылып жұмысын жалғастыра береді.

Осыған орай, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәрбие сапасын арттыру мақсатында балабақшаларды кезең-кезеңмен лицензиялау енгізіледі. Сонымен, бұдан былай жаңадан ашылатын балабақшалар енді лицензия алып, барлық талаптарға сай екенін көрсетіп, жұмысын бастайтын болады. Ал дәл қазір жұмыс істеп жатқан балабақшалар тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде кезең-кезеңмен лицензияланатын болады.

ОЛИМПИАДА

Биылғы Балалар жылына дарынды оқушыларымыз ерекше тарту жасап отыр. Қазақстандық оқушылар физикадан халықаралық олимпиадада 1 алтын мен 4 күміс медаль жеңіп алды.

Оқушылар олжамен оралды



Аталмыш білім бәсекесі Цюрих қаласында (Швейцария) 10–15 шілде аралығында өткен еді. Байтақ еліміздің намысын 5 оқушы қорғап, 75 елден келген 368 жасөспіріммен сынға түсті. Өткен жылы 5 күміске ие болған оқушыларымыз биылғы жылы былтырғы көрсеткішті жақсартта алды.

Ұлттық құраманың қоржынына алтын медальді Даниил Шатохин, күміс медальді Ерсұлтан Питебай, Владимир Лим,

Дінмұхаммед Рахымжанов және Ризабек Алпамыс әкеліп отыр.

Міне, осындай беделді халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары ақшалай сыйақы алып, ұлттық жоғары оқу орындарына ҰБТ тапсырмай-ақ грантқа түсе алатын болады. Сонымен қатар, жүлдегерлердің педагог-тәлімгерлері де төлем алады. Еңбек ақталды деген осы.

ЖОБА

«Қолайлы мектеп» қолға алынады

Елімізде «Қолайлы мектеп» ұлттық жобасы іске асатын болды. Өйткені, қазіргі уақытта еліміз бойынша 259 мың оқушы орнына тапшылық бар. Бұған қоса, 2026 жылға қарай оқушы орнына сұраныс шамамен 1 млн 200 мыңға дейін өседі деп күтілуде.

Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде былтыр 277 мектеп ашылса, биыл тағы 225 мектеп салу жоспарланып отыр. Осы екі жылда кем дегенде 326 мыңнан аса жаңа орындар ашылатын болады.

Дегенмен, әлі де мектептерді салу бойынша проблемалық мәселелер бар. Сондықтан осы мәселелер Президент тапсырмасымен іске асырылатын жаңа «Қолайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде шешіледі. Біріншіден, жоба шеңберінде қосымша 841 мың орынға 582 жаңа мектеп салынады. Екіншіден, осы

мектептерге сапасы жоғары бірыңғай құрылыс және жабдықтау стандарты қолданылады. Үшіншіден, сметада лабораторияларға, заманауи техника мен оқу жабдықтарына 16%-дан кем жұмсалмауы керек.

Жаңа мектептерде пайдалы оқу алаңдары да ұлғайып, бастауыш сыныптарға жеке блок қарастырылады. Сонымен қатар, жаңа мектептерді педагогтармен қамтамасыз ету үшін 100 мың білікті кадр даярланады. Қазіргі уақытта 433 мектепті салатын жер телімдері анықталса, тағы 155 жер учаскесін жылдың соңына дейін бөлуі қажет.

КОНКУРС

Негізгі орта білім негізінде оқуға түсетін тұлғалар арасындағы конкурс 19–22 тамыз аралығында өтеді. Еңбек біліктілігіне түсетін тұлғалар үшін колледж кәсіптік жарамдылық бойынша әңгімелесуді ұйымдастырады, ал егер мемлекеттік тапсырыс бойынша орынға үміткерлер көп болса, сертификаттың орташа балы және квота санатының болуы басты мәнге ие болады.

Алматы колледждеріне қанша грант бөлінді?

«Негізгі орта білім негізінде оқуға түсетін тұлғалар арасындағы конкурс 19–22 тамыз аралығында, жалпы орта білім беру базасында және ТЖКБ базасында 22–25 тамыз аралығында өтеді. Өнер және мәдениет мамандығына түсетіндер үшін 29 шілде мен 2 тамыз аралығында іріктеу өтеді.

Сондай-ақ, Алматы қаласындағы колледждерге түсу емтихандары педагогикалық, медициналық мамандықтар мен шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар бойынша өтеді. Білім – 900 орын, өнер-гуманитарлық – 950 орын, әлеуметтік ғылымдар – 25 орын, бизнес, менеджмент және құқық – 1000 орын, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – 2058 орын, машина жасау, өңдеу өнеркәсібі және құрылыс индустриясы – 6158 орын, ауыл, орман, балық шаруашылығы және ветеринария – 160 орын, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру – 1066 орын, қызмет көрсету – 2588 орын.

Егер талапкер саны қажет шектен асып кететін болса, онда кәсіби диагностика бойынша сұхбаттасу нәтижесі, аттестаттың орташа балы және міндетті түрде мемлекеттік квотаның қолданылуы ескеріледі. Қазіргі кезде квотаның тоғыз санаты бар. Олар көпбалалы отбасыдан шыққан балалар, мүгедектігі бар адамнан құралған отбасы, қандастар және жалғызбасты әке мен аналарға арналған квоталар және басқалар.

КВОТА

Грант кімдерге бұйырады?

Ұлттық тестілеу орталығы білім гранты конкурсында жеңілдетілген санаттарға бөлінген квотаның тізімін жариялап отыр. Осыған орай, 2022 жылғы квота мөлшері де белгілі болды.

– Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар үшін – 1%;

– I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін – 1%;

– жеңілдігі мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін – 0,5%;

– ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ талапкерлерге (қандастар) – 4%;

– көмекке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасы балалары үшін – 5%;

– кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін – 1%;

– бала кезінен мүгедек балаларды, I, II топтағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардың балалары үшін – 1%.

Жеңілдігі бар оқуға түсушілер керек анықтаманы құзыретті органдардан алады. – Ауыл квотасы – 35%.

Осы ретте ауыл квотасы үшін анықтама алудың қажеті жоқ. Егер түлек ауылдық жерде орналасқан мектепті бітірсе, ақпарат базада болады.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



МЕТАЛЛУРГИЯ

МӘҢГІЛІК МАМАНДЫҚ

Мамандықтың бәрі жақсы, тек әркім өз жүрегінің қалауымен жанына жақынын тандай білгені жөн. Көп жағдайда мектеп бітіруші жастар мамандық таңдауда шалыс басып, сосын оқуын орта жолдан тастап кетіп жатады. Тіпті, ата-анасының қалауымен мамандық тандайтындар да бар. Осыдан кейін мамандыққа деген махаббаттың қаншалықты екенін аңғару да қиын емес.



Рая
ЕСКЕНДІР

Металлург мамандығы – ғасырлар бойы келе жатқан өлмейтін мамандықтардың бірі. Сонау ерте ғасырлардың өзінде бұл мамандықтың өміршеңдігі айқын аңғарылған екен. Мәселен, археологиялық қазбалар кезінде табылған заттар біздің заманға дейінгі бесінші-алтыншы мыңжылдықта адамзаттың металды өңдеуді үйренгенін дәлелдеп отыр. Сонау көне заманның өзінде адамзаттың үш ғасыры туралы түсінік пайда болып, тас, қола және темір дәуірлері – бұл металдардың қоғамның дамуына қаншалықты маңызды екенін және металлургиялық өнердің қаншалықты көне екенін дәлелдей түседі.

Өткен ғасырда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының өкімімен 1957 жылдың 28 қыркүйегі Металлургтер күні деп бекітіліп, ол күн күнтізбеде КСРО ыдырағаннан кейін де қалған еді. Тәуелсіздік алған соң, ел Президентінің 2003 жылғы 15 қарашадағы Жарлығымен шілденің үшінші жексенбісі металлургтер күні ретінде аталып өтіле бастады. Осылайша өнеркәсіп өндірісіндегі сан алуан жұмысшы мамандықтарының көптігі өмірде бүкілхалықтық салалық мерекелердің пайда болуына өз әсерін тигізді.

Жалпы, металлургия – (грек сөзінен аударғанда – метал өңдеймін) ғылымның, техниканың, өнеркәсіптің кеннен немесе басқа да материалдардан металл алу процестерін, сонда-ақ металл қорытпаларға олардың химиялық құрамы мен құрылымын өзгерту арқылы қажетті қасиеттер беру процестерін қамтитын саласы. Металлургияның саласы



өте көп. Сондықтан ол түсті және кара, галламды, өте жоғары температурада өтетін плазмалы және лазермен өңделетін металлургия болып ажыратылады. Әрі орындалатын процестеріне қарай пирометаллургия және гидрометаллургия деп бөлінеді. Ең күрделі деп танылатын кара металлургия – металлургияның ғылымы мен техникасының кара металдар өндіруде кен шикізатын қазып алудан бастап, оны өңдеп, шойын, ферро-корытпа, болат, илек, құбыр, рельс, т.б. өнімдерді алуға дейін қамтитын сан қырлы саласы.

Біздің еліміздегі кара металлургияның байлығы мен болашағы – темір кендері болып табылады. Оның негізгі қорлары Қостанай, Қарағанды және Жезқазған облыстарында. Кара металл шикізатының базасы атақты Соколов–Сарыбай тау-кен байыту комбинаты мен Лисаковск комбинатында өндіріледі. Түсті металлургия – кен шикізаттарын өндіру мен өңдеуден бастап, дайын өнім алуға дейінгі түсті металдар мен олардың қорытпалары өндірісін қамтиды. Галламды металлургия – су ерітінділерінен галламдарды химиялық жолмен қалпына келтіру арқылы металдар мен олардың қосылыстарын алу процестерін зерттейді. Металлургияның бұл саласы дүние жүзінде алғаш рет Қазақстанда 1960 жылдан бері жасалып келеді. Плазма металл бетін тазалауда және әртүрлі беттерді металмен қаптау технологиясында, термоядролық

зерттеулерде, плазма химиясында, т.б. қолданылады. Қазақстанда металлургия саласы бойынша Металлургия және кен байыту институты, Химия-металлургия институты, Қазақ ҰТУ нәтижелі табыстарға қол жеткізіп келеді. Металлургтер күні мерекесін Қазақстанмен қатар, Армения, Беларусь, Украина және Ресейде атап өтеді.

Тек біздің елімізде ғана емес, қай кезеңнен бері металлургия саласы мемлекеттің қуатын арттыруда маңызды орын алып келсе, бүгінде де еліміздің индустрия саласында қозғаушы күш болып табылады. Бұл саланың жұмысы да, жауапкершілігі де өте жоғары. Қызметі ауыр әрі құрметті болғандықтан, осы мамандық иелері батылдық және жоғары кәсіби біліктілікті меңгерген қасиет иесі ретінде бағаланады. Біздің өмірдегі металлургия кешенінің кәсіпорындарында жаңа технология мен техникалық қайта жарақтандыруды белсенді енгізіп, өндірістің көлемін ұлғайтуға қабілетті жоғары кәсіби мамандар еңбек етеді. Металлургия кәсіпорындарының тиімді жұмысының нәтижесі мемлекетіміздің экономикалық дамуына, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға үлкен үлесін қосады.

Осынау мәңгілік мамандықты таңдаған жастардың еңбегі еліміздің кара және түсті металлургия саласын дамытуға зор үлес қосып, осынау сала тарихында қалатыны анық.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН – 30

КЕШЕГІ БОЗБАЛА – БҮГІН САРБАЗ

Ұлттық ұланның генерал-майор Талапкер Әміреев басқаратын «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5571 әскери бөлімінің жас жауынгерлері маусым айының басынан бастап 6654 әскери бөлімінің Қаракемер елдімекенінде орналасқан оқу орталығында «Жас жауынгер» курсынан өткен болатын.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Ұлттық ұлан қатарына Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларынан, Маңғыстау, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстарынан бір ай бұрын шақырылған 400-ден аса жас сарбаз аз уақыттың ішінде әскери тәртіпке үйреніп, алғашқы дайындық кезеңінен өтті. Ұлттық ұланның міндеттерімен танысты. Әскерге іштей тас-түйін дайындықпен келген кешегі бозбала бүгін сарбаз болып, Отанына адал қызмет етуге ант берді.

Ант қабылдау шарасы күні оқу пункті орналасқан 6654 әскери бөлімнің алаңында салтанатты сап түзеді. Әнұран шырқалып, еліміздің Көк байрағы көтерілді. Мемлекеттік туды көтеру құқығы 1-ші оқу ротасының үздік сарбазы, қатардағы жауынгер Ербол Мұхтарұлына берілді.

Тиісті бұйрық берілген соң сарбаздар салтанатты түрде ант қабылдауға кірісті.



Кенет бір мезетте бірінен соң бірі тартылған сымдай тізіліп, Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен атқаруға серт берген сарбаздардың жарқын дауыстары әскери бөлім аумағын жаңғырта жөнелді. Жалынды дауыстардан жігерленген жігіттердің қатарында Сарыарқа өңірінен келген 18-дегі жас сарбаз Айбек Алпысбаев та болды. Теміржол саласындағы «Тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығын меңгерген ол колледжді бітіріп, диплом алған күні-ақ әскерге аттаныпты.

– Айбек қыздан көрген тұңғыш немерем болғандықтан, мен үшін оның амандық-саулығы, Отан алдында атқарған қызметі зор маңызға ие. Сондықтан да мен оның

әскери ант қабылдау шарасын көріп, көңіл марқайту үшін сонау Қарағандыдан ат терлетіп Алматыға арнайы келіп отырмын, – дейді жас сарбаздарға батасын берген 74 жастағы Жанат Нығметов ақсақал.

Салтанатты рәсімнен кейін жас жауынгерлер келген қонақтар мен ата-аналарға бір ай көлемінде үйренген жауынгерлік ұрыс, қарумен және қарусыз саптық тәсілдерді орындаудан көрініс көрсетті.

Әскери ант қабылдау шарасы соңында жас жауынгерлерге ата-ана, туыстарымен бірге қала аралап, серуендеп қайту мүмкіндігі берілді. Сосын белгіленген уақытта әскери бөлімге қайта оралды.

КЕРЕК ДЕРЕК

Бос жұмыс орындары

«ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаменті» РММ-не:
* шаруашылық меңгерушісі қажет.
Тел.: 8 708 587 47 55.

Аймақтық диагностикалық орталыққа:
* дәрігер-статист;
* рентгенолаборант;
* операциялық медбикелер;
* санитарлар;
* дәрігер-терапевт;
* массажист;
* медбикелер;
* слесарь-сантехник;
* анестезиолог.
Тел.: 8 777 359 76 90.

Даму және әлеуметтік оңалту ғылыми-практикалық орталығына:
* невропатолог;
* лор;
* травматолог;
* ортопед;
* психолог;
* дефектолог.
Тел.: 8 777 330 10 20.

Алюминий профильдерін шығаратын зауытқа:
* кеңсе менеджері;
* бояу цехының операторлары;
* қаптаушылар қажет.
Тел.: 8 775 836 94 52.

«Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің әскери институты» РММ-ға:
* тәрбие-идеологиялық жұмыстар кафедрасына оқытушылар;
* «Шет тілдері» кафедрасына оқытушылар;
* мемлекеттік тіл кафедрасының доценті керек.
Тел.: 8 (727) 290-19-15, 8 (727) 290-18-20, 8 (727) 290-14-75.

«АМАНАТ–2040» ЖШС-ға:
* гнутик өндіру бойынша станок операторының көмекшісі қажет.
Тел.: 8 700 690 50 70.

«Рахат» АҚ-ға:
* кондитерлік өнімдер өндірушілер;
* слесарь-сантехник;
* аккумуляторшы;
* электрик;
* тазалықшы;
* жабдыктарды жөндеу жөніндегі слесарь керек.
Тел.: 8 (727) 386-26-65.

«Уют» қонақүйіне:
* ресепшионист;
* әмбебап аспаз;
* ас үй қызметкері;
* горничныйлар;
* күзетші-швейцар қажет.
Тел.: 8 (727) 279-13-60.

Тігін компаниясына:
* тігіншілер;
* тігін өндірісінің шебері;
* тігін өндірісінің технологы керек.
Тел.: 8 701 031 81 21.

Ревматология орталығына:
* есепші-кассир қажет.
Тел.: 8 (727) 394-21-60.

Нархоз университетінің Экономикалық колледжіне:
* кеңсе менеджері;
* оқу сабақтарының кестесін жасау жөніндегі диспетчер керек.
Тел.: 8 (747) 428-96-60.

«Caspian Beverage Holding» АҚ-ға:
* экспедитор-жүргізушілер;
* сусындарды құю цехына операторлар;
* жүк тиеушілер керек.
Тел.: 8 (727) 258-39-09.

«KazMinerals Management» ЖШС-ға:
* бас маман;
* инженер;
* инженер-геотехник;
* салық жөніндегі менеджер;
* сатып алу бөлімінің бас маманы;
* бюджетті тексеру бойынша жетекші маман;
* гидрогеолог;
* зангер;
* жобаларды іске асыру жөніндегі менеджер керек.
Тел.: 8 (727) 244-03-53.

СӘТТІЛІК
СЕРІГҢІЗ БОЛСЫН!



● ФУТБОЛ

ТАРТЫСТЫ ОЙЫНДА
ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Алматылық «Қайрат» Қазақстан Кубогында екінші жеңісіне қол жеткізді.

ҚР Кубогы турнирінің аясында топтық кезеңде екінші кездесуін өткізген «Атырау»–«Қайрат» ойыны 2:3 есебімен аяқталды. «Мұнайшы» стадионында өткен ойын алматылық команданың пайдасына шешілді.

Бұған дейінгі ойындарда екі команда да өз қарсыластарын жеңген. «Қайрат» 2:0 есебімен «Ордабасыны» жеңсе, «Атырау» ойыншылары «Ақсу» командасынан 1 доп айырмасы арқылы басым түскен.

«А» тобының үздіктері жарыстың екінші айналымында «Мұнайшы» алаңында кездесті. Матч «Қайрат» ойыншыларының допка иелік етіп, алыстан жасалған соққыларымен басталған. Алайда, «сары-қара» команда ойыншылар берген алғашқы бұрыштама доптарының бірінен кейін алаң қожайындары өте өткір қарымта шабуыл жасады. «Атырау» шабуылдаушысының қақпашымен бетпе-бет шығуына кедергі жасаған 5 нөмірлі Кейлердің жанкешті ойыны алматылық команданы голдан аман алып қалды. Бұдан кейін «Қайрат» ойыншылары доп иелігін өздеріне қайтарып, бірнеше шабуыл жасап көргенімен, оның ешқайсысы нәтиже әкелмеді.

11-минутта алаң ортасынан әуелете берілген допка таласта «Қайрат» қақпашысы ереже бұзып, алаңнан қуылды. Сондай-ақ, қонақтардың қақпасына 11 метрлік айып добы белгіленді. Пенальтиді орындаған атыраулық Бисси 16-минутта есеп ашты.

Алматылық команда 10 футболшымен қалған соң, ойын бейнесі өзгерді. Қарсылас командалар кезектесе ашық шабуылдауға



көшті. Көп ұзамай осындай шабуылдардың бірінде Андрей Ульшин есеп теңестірді. «Сары-қара» команда ойыншысы атыраулық қорғаушылардан допты тартып алып, қақпаға дәл бағыттай білді. Есеп теңескен соң екі команда тарапынан да қауіпті комбинациялық шабуылдар жасалды. Дегенмен, есеп айырмасы 42-минутта «Атырау» қақпасына берілген бұрыштама добынан кейін өзгерді. Бәрінен биік секірген Әділет Садыбеков баспен соққы жасап, «Қайрат» сапындағы алғашқы голын соқты. Бұл доптан кейін бірінші тайм аяқталғанша есеп өзгерген жоқ.

Кездесудің екінші жартысы да ашық кейіпте өтті. Алматылық команданың үздік ойыншылары Хосе Конте мен Жоао Пауло бірнеше мүмкіндікті өз пайдасына шеше

алған жоқ. «Атырау» командасы да әр шабуылға өзінің соққысымен жауап беруге тырысты.

Ойынның 56-минутында алаң иелерінің тағы бір өткір шабуылы нәтижесіз аяқталған соң 1 минуттан кейін алматылық команда футболдың «сен соқпасаң, саған соғады» заңын орындап ойындағы 3 добын соқты. Гол авторы – Виктор Васин. 10 ойыншымен қалса да, қарсыласының қайраттылығынан есеңгіреп қалған атыраулық команда ойынның соңғы 10 минутына дейін есеп айырмасын қысқарта алмады. 83-минутта айып добын сәтті орындаған Бисси дубль жасап, есепті 2:3 қылды. Кездесу соңғы минуттарға дейін тартысқа толы болса да есеп өзгерген жоқ.

● МЕМОРАНДУМ

Екіжақты
келісім жасалды

Қазақстан футбол федерациясы мен Қазақстанның Киберспорт федерациясы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



Серіктестік келісім жасауға арналған кездесуге Қазақстанның Киберспорт Федерациясының президенті Қуанышбек Есекеев және Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділет Барменқұлов қатысты. Меморандумның негізгі бағыттары ел тұрғындары үшін ортақ іс-шаралар өткізу арқылы футбол мен киберспортты дамыту, адамдардың қызығушылығын арттыру және бірлескен бағдарламаларды іске асыру мәселелерін қамтыды.

Сондай-ақ, ҚФФ бас хатшысының орынбасары Александр Кеплин мен киберфутболдан Қазақстан құрамасының ойыншылары Ақназар Бексейітов және Олжас Есентаев арасында кездесу өткізді. Федерация өкілі киберспортшыларды алдағы әлем чемпионатына қатысумен құттықтап, Даниядағы матчтарда сәттілік тіледі.

Кездесуден соң Ақназар мен Олжас киберфутболдан Fifa Nations Cup 2022 әлем чемпионатына қатысу үшін Копенгагенге аттанды. Турнир 27–30 шілде аралығында өтеді.

Айта кеткен жөн, Ақназар Бексейітов және Олжас Есентаев өнер көрсеткен Қазақстан құрамасы екі іріктеу кезеңінен өтіп, FIFA Nations Cup 2022 әлем чемпионатына жолдама алған. Бірінші кезеңде біздің киберфутболшылар Катар, БАӘ, Грузия, Бахрейн және Марокко сияқты командаларға қарсы ойнады. Келесі кезеңде Қазақстан құрамасының қарсыластары ОАР, Марокко, БАӘ, Кувейт және Сауд Арабиясы болды.

Алдағы әлем чемпионатының жеребесі 4 шілдеде Цюрихте (Швейцария) өткен. Нәтижесінде біздің құрама Португалия, Израиль, Канада, Испания және Оңтүстік Кореямен бірге «С» тобында бақ сынаиды.

● МАРАФОН

Кешкі жарыс көңілден
шықты

Мегаполисте Алматы әкімдігінің қолдауымен бұқаралық жүгіру жарысы – кешкі марафон өтті.



Жарысқа қатысушылар Almaty Arena мұз сарайының аумағында 12 км, 8 км скандинавиялық жүріс қашықтықтары бойынша, сондай-ақ 500 метр, 1 және 3 км балалар қашықтықтарында (6 жастан бастап) бақ сынады.

Сондай-ақ, жазғы жарысқа қатысушылар, жанкүйерлер мен балалар үшін спорттық әртүрлі қызықты іс-шаралар ұйымдастырылып, арнайы демалыс аумағы жасалды.

Кешкі жарысты ең алдымен 500

метр, 1 және 3 км-ге жүгірген балалар бастады. «Балалар жылына» орай шара ұйымдастырушылары кішкентай спортшыларды көптеп тартуға көңіл бөлген. Жарысты бүлдіршіндерден соң алыс қашықтықтарға жүгірген ересектер тобы жалғастырды. 12 км, 3 км, 1 км, 500 м қашықтықтарындағы жеңімпаздар жас санаты бойынша медальдармен, грамота және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Мәреге жеткен барлық қатысушыларға естелік медаль берілді.

● ЖЕҢІС

Отандық спортшылар әртүрлі халықаралық жарыстарда жеңіске жетіп, жүлделі орындардан көрінуде. Назарларыңызға жақын уақытта Қазақстан туын көкке көтерген спортшыларды ұсынамыз.

Жер жүзінен
жүлде көп

Мағжан – алтын алды

Қазақстандық дзюдошы Мағжан Шамшадин Загребте (Хорватия) өткен Grand Slam сериясының турнирінде жеңімпаз атанды.

Ол 60 келіге дейінгі салмақта алтын медаль жеңіп алды. Финалда Шамшадин корейлік Вон Джин Кимнен басым түсті.

Шешуші кездесуде ұзақ уақыт бойы қос дзюдошы өзара мықтыны анықтай алмаған. Алайда, Вон Джин Кимге әртүрлі ереже бұзушылықтары үшін үш рет ескерту жасалған соң, Шамшадинге автоматты түрде жеңіс берілді.



АҚШ-тан қоламен келді

Қазақстандық акробаттар Даниэль Диль мен Вадим Шуляр АҚШ-тағы Дүниежүзілік ойындардың қола медалін жеңіп алды. Бұл жеңісі арқылы біздің спортшылар Женевадағы әлем чемпионатында дүниежүзілік ойындарына лицензия жеңіп алды.

Айта кеткен жөн, аталмыш жарыста қарағандылық Александра Рудакова мен Дамира Талғат та өнер көрсетті.

Бублик – АТР финалында

Қазақстандық акробаттар Бублик Ньюпортта (АҚШ) өткен АТР-250 теннис турнирінің финалына шықты. Жартылай финалда әлемнің 42-ракеткасы австралиялық Джейсон Кибблерді сенімді жеңді. Кездесу 6:3, 6:2 есебімен аяқталды.

Александр шешуші сында американдық Максим Крессимен кездеседі.

Айта кеткен жөн, 25 жастағы қазақстандық өз мансабындағы алтыншы АТР финалына шықты.

● ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Төрешілеріміздің
беделі бар

Қазақстандық төрешілер әлемдік жарыстарда төрешілік етіп жүр.

Тарихта алғаш рет Қазақстанның төрт төреші «Үлкен Дульга» турнирінде қазылық етті. Уимблдонда төреші болған Меруерт Кәкеева (Талдықорған), Юлия Игнатченко (Алматы), Борис Кравчук (Қостанай) және Владлена Саменкова (Ақтөбе) әлем алдында өздерінің жоғары деңгейін көрсетті.

Борис пен Владлена іріктеу кезеңі мен жасөспірімдер турнирінің ойындарында, ал Меруерт пен Юлия ерлер мен әйелдердің жеке құрамының негізгі торында жұмыс істеді.

Сондай-ақ, футболдан қазақстандық төрешілер УЕФА Конференциялар Лигасының іріктеу ойындарында қызмет етті. Саят Қарабаев («Дила» (Грузия) – «КуПС» (Финляндия) матчын басқарды. Оған Евгений Бельский және Дмитрий Белоградов көмектесті. Артем Кучин бастаған тағы бір қазақстандық төрешілер бригадасы «Петрокуб» (Молдова) және «Флоринана» (Мальта) арасындағы кездесуге қызмет көрсетеді. Оған Юрий Тихонюк (Ақтөбе) және Самат Тергеусізов (Алматы) ассистент болды.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Балаңызға абай болыңыз!



Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы жазды үлкендер «жыланды» жаз деп жатыр. Оған себеп – түсі суық, бауырымен жорғалаушы жәндіктің далада емес, қалада да көптеп кездесе бастағаны болса керек.

Жақында ғана көпқабатты үйлердің ауласынан ұзындығы білектей жыланның жорғалап бара жатқанын көргендер енді балкон арқылы үйімізге кіріп кетпес пе екен деп қауіп қылуда. Енді бір оқиға тапа тал түсте қаламыздың «Әйгерім» ықшамауданында болған. Жанат есімді келіншекке бес жасар қызы үйге жылан кіріп кеткенін айтқан.

– Ести салысымен, үйге құстай ұштым. Келсем, өңі қудай болып кеткен қызым терезенің алдына шығып алыпты. Әбден жылаған, қолымен бұрыштағы жүктің артын көрсетіп, «жылан солай қарай кетті», – дей береді. Арнаулы мекемеге хабарласып, мамандар бес-алты сағат дегенде жіп сияқты ирелендеген шұбар жыланды ұстап алып кетті. Содан бері қызым түнімен шошып, шыңғырып оянатынды шығарды. Қазір қаладағы апайымның үйінде тұрып жатырмыз. Оқу жылы басталса, өз үйімізге баруымыз керек қой. Бірақ қызым оңаша қалғысы келмейді, – дейді келіншек.

Осыған ұқсас оқиға қаламыздың «Зерделі» ықшамауданында да кездесті. Төменгі қабатта тұратын үй иесі талдың түбінде жатқан жыланды көріп, көршілеріне хабар беріпті.

– Бірақ ашық тұрған есіктен жертөлеге кіріп кеткен жыланды таппай қалдық. Ендігі уайымымыз сол болды, – дейді тұрғындар.

Бұл тұрғыда мамандар түрлі пікірлер айтып жатыр. Жыланның жер бетіне шығуы оның мекенін ауыстырғанын байқатады десе, ауаның ластануымен де байланыстырып жатқандар бар. Қанша дегенмен, табиғаттың бұл тосын сыйын әркім әртүрлі қабылдап жатыр.

Қазір күн ыстық. Бала біткеннің ауладағы көк шөптің үстіне төсеніш төсеп, ойнап жатқанын көресіз. Қанша дегенмен, сақтық керек. Балаңызға абай болыңызшы!



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ТӘРБИЕ



Сезімталдыққа жетелейді



Нұржамал
ӘЛШЕВА

ЛА-155/6 мекемесі – еліміздегі кәмілетке толмаған қылмыскерлердің жазасын өтейтін жалғыз оқшаулау орны. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмыстың өсуіне жол бермеу мақсатында атқарылып жатқан қарқынды да жүйелі жұмыстардың нәтижесінде жеткіншектер қолымен жасалатын қылмыс саны азайды деуге болады.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 балалар колониясында 62 жасөспірім жазасын өтеп жатыр. Осы мекемеде Халықаралық Нельсон Мандела күніне үн қату мақсатында балалар сурет салып, арман-мақсатын ақ қағаз бетіне түрлі бояумен өрнектеді. Сондай-ақ, жасақ бастықтары оларға атаулы күннің мән-мағынасын түсіндіріп, «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенция» төңірегінде дәріс өткізіп, жеткіншектердің сауалдарына жауап берді.

Тақырыпқа орай айта кетсек, осыдан 12 жыл бұрын шілде айында халықаралық мерекелер күнтізбесіне жаңа күн – Нельсон Мандела күні қосылған болатын. Бұл Африканың бұрынғы президентінің бостандық пен бейбітшілік жолындағы орасан зор үлесін мойындау үшін пайда болған күн еді. Нельсон Мандела – бүкіл өмірін нәсілдік қаттығыстарды шешуге, адам құқығын қорғауға, Оңтүстік Африка Республикасындағы кедей адамдардың өмірін жақсартуға арнаған адам. Өзінің сенімдері мен күрестері үшін ол 27 жыл түрмеде отырған. Шыққаннан кейін ол Оңтүстік Африканың демократиялық жолмен сайланған алғашқы қара нәсілді президенті болды.

Сурет салуға бейімі бар сотталған жасөспірімдер арасында Асан Саяттың суреті ерекше бағаланды. Өзге балаларға да жылы сөздер арналды. Жасөспірімдердің бояулармен жұмыс істей білу дағдыларының бұрынғыдан да жақсы қалыптасқаны, ой-армандарының едәуір өскені байқалады дейді жасақ бастықтары. Иә, сурет салу да баланы еңбектене білуге үйретіп, ұшқыр ойға, әдемілікке, сезімталдыққа жетелейтіні анық. Бәлкім, екінші қайтара қылмысқа ұрынбауына да дәнекер болар.

«Юниверс-АС» ЖШС-не қатысты Алматы қаласы МАЭС-ның 2022 ж. 15 шілдедегі ұйғарымымен оңалту ісі қозғалды. Кредиторлар талаптарды 15.08.2022 жылға дейін Алматы қ., Мұратбаев к-сі, 23 мекенжайы бойынша береді. Эл.пошта mariyash_2004@mail.ru.
Тел.: 8 701 460 17 71.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-
шылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСҚАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almatyaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВР00026040
күәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**



БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Алматыға Никулин циркі келді

Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматы циркінде жаңа қойылым болады дегенді ести сала, балаларын жетектеген ата-ана Абай даңғылындағы цирк ғимаратына ағылады. Өйткені, цирк – баланы да, тіпті ересек адамды да баурап алатын, қиял әлеміне самғататын сахна өнерінің ең тартымдысы. Бұл жолы шаһарымызға Ресейден аты аңызға айналған Юрий Никулиннің циркі келді.

Биыл Юрий Владимирович Никулиннің 100 жылдығы. Ол – миллиондаған адамның кумиріне айналған ұлы актер, кішкентай көрермендердің жүрегін жаулаған ең танымал күлдіргі клоун.

Белгілі цирк және кино актері Юрий Никулин өмірін өнерге арнаған жан. Ол 1949 жылдан бастап Мәскеу циркінде Михаил Шуйдинмен дуэтке клоунада жанрында қызмет етті. Актердің жары Татьяна Никулина да цирк актрисасы. 1983 жылдан бастап Никулин «Цветной бульвардағы» Мәскеу циркінің директоры болып тағайындалды. Сонау 1880 жылы негізі қаланған «Цветной бульвардағы» Мәскеу циркіне 1996 жылдың желтоқсанында актердің 75 жылдық мерейтойына орай Никулиннің есімі берілді. Актер өмірден өткен соң, циркті баласы Максим Никулин басқарды. Цирк күні бүгінге дейін көрерменнің көңілін көтеріп, көпшіліктің ықыласына бөленіп келеді.

Никулин циркінің дарынды артистерінің ғажап өнерінің арқасында бұл ұжым әлемнің ең қызық деген цирктерінің қатарына енген. Іргетасы қаланған сәттен-ақ мұнда келген көрермен үйдегідей жайлылық пен жылылықты сезінеді. Өнер ордасының көптеген сахналық номерлері театрландырылған шоуға негізделеді және цирк бағдарламасының сан алуандығымен ерекшеленеді.

Алматыдағы цирк қойылымында Никулин циркінің белгілі актері, сайқымзақ Артак Арутюнян баласы Никитамен бірге манежге шыға салысымен көрермендерді күлкіге қарық қылды. Артақты жұрт «Мереке-адам» деп текке атамаса керек. Ол өзінің тартымды қылығымен, әдемі қимылдарымен, күлкілі әрекеттерімен көпшілікті тәтті етті. Өкесі мен баласы залдағы көрермендерді де сахнаға шығарып, керемет шоу жасап, естен кетпес көңіл күй сыйлады.

Цирктегі акробаттар мен әуе гимнасттарының өнеріне таңқалмасқа шара жоқ. Атақты гимнаст Анастасия Демидова әлемде ешкім қайталай алмайтын трюктерді еш сақтандырусыз орындағанда, демінді ішке тартып тамашалайсың. Ол өзінің 15 жасында Монте-Карлодағы цирк артистері фестивалінде күміс жүлдегер атанған.



Қалалықтар қаперіне!

Алматыда
Никулин циркінің ме-
рейтойлық қойылымы
16 шілде мен 21 тамыз аралы-
ғында өтеді.
Билет бағасы – 3000 теңгеден
6000 теңгеге дейін.
4 жасқа дейінгі балаларға
тегін, бірақ бөлек орын беріл-
мейді.
Цирк шоуының ұзақты-
ғы – 2 сағат.
Циркте кездес-
кенше!

Кәсіби жонглер Кристи-на Гуктың сақиналарды қолынан түсірмей айналдыру шеберлігі, икемділігі керемет. Оның еш тіреусіз тұрған сатыға шығып өнер көрсетуі үлкенді де, кішіні де таң-тамаша қалдырды.

Ольга Геворкянның артистік шоуы да өзінше ғажап. Ол цирк трюктарын көркем хореография және әсем музыканың сүйемелдеуімен орындайды. Ал Свежовтар дуэтінің шеберлігі өнердің шыңы дерсіз. Олар әуеде сақтандырусыз көркем трюктар жасайды. Артистердің физика заңдылығын бұзатын көріністерін тамашалағанда ертегідегі көк әлеміне саяхат жасағандай әсер аласыз. Сондай-ақ, Руслан Файзуллиннің «Батылдық дөңгелегі» атты таңғажайып шоуындағы экстремалды трюктерді көргенде, адамның мүмкіндіктерінде шек жоқтығына көз жеткізе түссіз. Цирк артистерінің бойындағы қайсарлық пен батылдыққа көрермен бас иеді. Өйткені, олардың адамға сыйлайтын эмоциясын, әсерін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Қауіпті, бірақ ғажап өнердің тарландары халықтың «браво» деген қиқуынан қуат алады.


Цирк жануарларсыз қызық бола ма? Никулин циркінде мың бұралған гимнасттардан, икемді акробаттар мен жонглерлардан,

бишілерден бөлек, қоңыр аюлардың өнері балалар үшін өте қызық көрініс болды. Есімдері көпшілікке танымал аю жаттықтырушылары Кудрявцевтердің шәкірттері тамаша өнер көрсетті. Қоңыр аюлар сахнада доп ойнап, сақина айналдырды, ең қызығы, олар велосипедті, тіпті көлікті керемет жүргізеді екен. Қорбандаған сүйкімді артистер көрермендердің қошеметіне бөленді.

АЛДИЯР, 10 жастағы көрермен:
– Маған цирк қатты ұнады. Әсіресе, әуе акробаттарының трюктарына қызықтым. Олар арқанмен жоғары қарай жүргенде құлап кететін секілді, сондай қорқынышты. Бірақ олар өздерін еркін ұстайды. Цирк артистері батыр екен.

ЛЕНА, 7 жастағы көрермен:
– Мен Настя Демидова секілді гимнаст болғым келеді. Ол өте әдемі қыз. Оның әуеде қалықтап билегені өзіне сондай жарасады. Настя менің ұстазым болса ғой деп армандаймын. Циркке үнемі келгім келіп тұрады.


АРДАҚ, көрермен:
– Юрий Никулиннің фильмдерін бала



кезімізден көріп өстік қой, ғажап актер. Алматыға Никулин циркі келетінін біле салысымен 3 баламды циркке алып келдім. Балаларыма қойылым ұнады, олар 2 сағат бойы тапжылмай көрді. Жазғы демалыс кезінде атакты цирктің қаламызға келгеніне қуаныштымын. Циркті тамашалаған бала актерлердің өнері мен еңбегін көзбен көріп, бағалайды, қызығады. Олардың таным-түсініктері кеңейеді деп ойлаймын.

Никулин циркінде кезінде актер ойнаған комедиялық фильмдердің саунд-трегі қосылған кезде, әсіресе ересектер қауымы балалық шағына оралғандай әдемі әсерде болды. Өнерді сүйетін көрермен барда актердің есімі өшпейді, цирк өнері өлмейді.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ВАЛЮТА БА-
ҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 482,15 теңге

\$ USD/KZT 480,37 теңге

₽ RUB/KZT 8,35 теңге

¥ CNY/KZT 71,1 теңге